

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Қазақ, орыс және латын тілдері кафедрасы «Латын тілі» пәнінен бақылау-өлшеу құралдары		37/11 – () 10 беттің 1- беті

Бақылау – өлшеу құралдары

Бағдарламаның аралық бақылауға арналған сұрақтары

Пән атауы: Қалыпты тірек-қимыл аппараты және тері

Пән коды: LT 2209

Білім беру бағдарламасы: 6B10117 «Стоматология»

Оқу сағатының саны/кредиттер: 6/180

Оқу курсы мен семестрі: I курс, 1 семестр

Шымкент, 2025 ж.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Қазақ, орыс және латын тілдері кафедрасы «Латын тілі» пәнінен бақылау-өлшеу құралдары		37/11 – () 10 беттің 2- беті

Құрастырған: _____ аға оқытушы Темірова А.Е.
Кафедра меңгерушісі, п.ғ.к. _____ Л.Б.Ибраева
« » « » _____ 2025ж. хаттама № _____

QONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Қазақ, орыс және латын тілдері кафедрасы «Латын тілі» пәнінен бақылау-өлшеу құралдары		37/11 – () 10 беттің 3- беті

№ 1-аралық бақылау сұрақтары

- 1.Латын тіліндегі зат есімдердің септеу саны.
- 2.Латын тіліндегі зат есімдердің септік саны.
- 3.Зат есім сөздік формасының компонент саны.
- 4.Зат есімі септеуінің белгісі.
5. Екінші септеу зат есімінің белгісі.
- 6.Gutta,ae зат есімнің тегі мен септеуі:
- 7.Os,ossis n зат есімінің септеуі:
- 8.Tincturarum зат есімінің тегі, саны, септігі:
- 9.Латын тіліндегі дауыстылар саны.
- 10.Диграф анықтамасы.
- 11.«У» әріпі қай бөлшекке жазылады.
- 12.«С» әріпінің i,e,y,ae,oe алдында оқылуы.
- 13.«С» әріпі сөз соңында ... болып айтылады.
- 14.«Charta» сөзінің оқылуы.
- 15.«Herba» сөзінің аудармасы:
- 16.Қазіргі латын тілінің әліпбиіндегі әріптер саны.
- 17.«S» әріпінің дауыстылар арасында оқылуы.
- 18.Бірінші жіктеу етістігін табыңыз:
- 19.IV жіктеу етістіктің негізінің соңы.
- 20.I жіктеу етістіктің негізінің соңы.
- 21.III жіктеу етістіктің негізінің соңы.
- 22.II жіктеу етістіктің негізінің соңы.
- 23.«Осындай дозалар ...санымен берілсін» тіркестің аудармасы:
- 24.«Беру» етістігінің сөздік формасы:
25. Латын сын есімінің септеу саны.
- 26.Септеудің түріне байланысты сын есімдердің топ саны.
27. Сын есімдердің өзгертін белгілері.
28. Бірінші топ бір жалғаулы сын есімдерінің Nom.Sing жалғаулары.
- 29.2-ші топтағы бір жалғаулы сын есімдерінің белгілері:
30. Бірінші топ сын есімдерінің әйел және орта тектеріндегі жалғаулары.
31. 2-ші топқа сын есімдерінің Gen.Sing. жалғауы.
- 32.Рецепт анықтамасы.
33. Рецепттің құрамындағы бөліктер саны.
34. Рецепттегі дәрігердің фармацевтке деген үндеуінің бас сөзі.
- 35.«Белгіле» етістігінің аудармасы:
- 36.Рецепт жолындағы «тұрынды» сөзі:
37. Таблеткалар мен суппозиториялар қысқартылған тәсілмен жазылғандағы дәрілік форма атауының септігі мен сантүрі.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Қазақ, орыс және латын тілдері кафедрасы		37/11 – ()
«Латын тілі» пәнінен бақылау-өлшеу құралдары		10 беттің 4-беті

- 38.«15 тамшы» терминнің аудармасы:
- 39.Терминоэлемент анықтамасы.
40. Дәрілік формаларды белгілейтін фармацевтикалық терминдер.
41. Қай тілдің сөздері клиникалық терминологияда жиі қолданылатын:
42. Префикс сөзінің синонимі.
- 43.«Арасында» мағынасын беретін сөз алды қосымшасы:
- 44.Solutionis зат есімнің септігі, сан түрі:
45. Табыс септігі латын тілінде.
- 46.Spiritus, us зат есімнің тегі мен септігі:
- 47.Foramen, inis үшінші септеу зат есімінің тегі:
- 48.Cortex, icis m сөзінің аудармасы:
- 49.«Сұйықтық» сөзінің аудармасы:
- 50.Бесінші септеудің Gen.Sing. жалғауы:
- 51.Латын тілінде ілік септігінің қызметі.
52. Caput, itis n зат есімнің септеуі және типі.
- 53.Paraver,eris n сөздің аудармасы:
- 54.«Aqua destillata» тіркесінің аудармасы:
- 55 .«Ngu» тіркесінің оқылуы.
56. Латын сөзінде қай буынға екпін ешқашан қойылмайды?
- 57.-Ul,-ol жұрнақтарының ұзақтылығы және қысқалығы бойынша сипаттамасы.
- 58.[Ф] дыбысын беретін әріптер.
59. Екпін соңынан екінші буынға қай кезде екпін қойылады
60. «Ті» буыны дауыстылар алдында оқылуы.
- 61.«С» әріпінің сөз соңында оқылуы.
62. Етістіктің қай жіктеулерінде бұрық райы етістік негізіне тең болады?
63. Етістіктің қай жіктеуінде бұйрық райдың көпше түрінде негізге -ite жалғауы қосылады.
- 64.Етістіктің екінші жіктеуіндегі императив жекеше түрі:
65. Императив көпше түріндегі етістік.
66. Етістіктің қай жіктеуінде шартты райы «а» жұрнағы арқылы жасалынады?
- 67.Етістік супин (Supinum) формасының мағынасы.
- 68.Салыстырмалы шырайдағы сын есімдердің септеуі.
- 69.Салыстырмалы шырайдың жасалыну моделі.
- 70.Салыстырмалы шырайдағы сын есімдер зат есіммен неде қиысады?
- 71.Күшейтпелі шырайдың жасалыну моделі.
- 72.Күшейтпелі шырайдағы сын есімдердің септеулері.
- 73.«Ruber, bra, brum» сын есімнің тобы.
- 74.Рецептің жоғарғы оң жағындағы Cito сөзінің мағынасы.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Қазақ, орыс және латын тілдері кафедрасы		37/11 – ()
«Латын тілі» пәнінен бақылау-өлшеу құралдары		10 беттің 5-беті

- 75.«Араластыр, сұйық жақпамай түзілсін» тіркесінің аудармасы
- 76.«extra» сөз алды қосымшасының мағынасы:
- 77.«Антибиоз» терминінің мағынасы:
- 78.«Aesthes» ТЭ-ң мағынасы:
79. .«Ауыз» зат есімнің аудармасы:
80. Жекеше түрі латынша:
81. Қай тектердің зат есімдері үшінші септеуге жатады?
82. Дауыссыз «h» әріпінің оқылуы.
83. Қай кезде «ae», «oe» тіркестері бөлек оқылады?
84. «Z» әріптің оқылуы:
85. [X] дыбысын беретін әріп тіркесі:
86. «X» әріпінің оқылуы:
87. «Үлкен» сын есімінің салыстырмалы шырайы.
88. Тек бірінші топ сын есімдері
89. D.t.d. аудармасы
90. Сұйық дәрілік қалыптар
- 91: Рецептуралық жолда «Rp» сөзінен соң дәрілік зат қандай әріппен жазылады
92. .«Экстракт» рецептуралық жолда
93. Adonis, idis f-жанаргүл зат есімінің негізі мен септеуі:
- 94.B,d,f,g,m,n,r,t,v,p әріптері қандай дыбысқа жатады.
95. «Auto» ТЭ мағынасы.
- 96 «Әрекет, реактивтілік» мағынасы бар термин элементтері (ТЭ)
- 97.«Сумен емдеу» мағынасын беретін термин.
- 98 «Algia» ТЭ мағынасы.
- 99.«Pathos» ТЭ мағынасы.
- 100.Сүйек туралы ғылым

№ 2 аралық бақылау сұрақтары

Билет №1

Қызыл сүйек кемігін зерттеу, бірқатар қан ауруларын (қан түзу бұзылыстарын) диагностикалауда үлкен маңызға ие. Сүйек кемігін пункциялау - сүйек кемігінің функционалдық қабілетін зерттеу әдістерінің бірі. Сүйек қаңқасының механикалық және биологиялық қызметін атаңыз.

Сұрақтар

Анатомия: Сүйектердің жіктелуін жазыңыз. Мықын сүйегінің құрылысын сипаттаңыз.

Физиология: Майда еритін дәрумендер. Сүйекке әсері.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Қазақ, орыс және латын тілдері кафедрасы		37/11 – ()
«Латын тілі» пәнінен бақылау-өлшеу құралдары		10 беттің 6-беті

Гистология: Пластинкалы сүйек тінінің гистопрепаратын сипаттаңыз.

Латын тілі: Қызыл сүйек кемігі, қан түзу бұзылысы, сүйек кемігін пункциялау, қаңқа терминдерінің латын нұсқасын беріңіз, талдау жасаңыз.

Билет №2

Зардап шегуші жедел жәрдем бөлмесіне кеуденің оң жақ жартысының жөтелгенде, тыныс алғанда, қимыл-қозғалыс кезіндегі пайда болатын күрт күшейетін ауру сезіміне шағымданып келді. Ауырған жерді қолымен ұстап, баяу жүріп қозғалады. Бір сағат бұрын тайып құлап, тротуардың шетіне кеудесін соғып алған. Объективті: жағдайы орташа ауырлықта, кеуде клеткасының зақымданған жартысы тыныс алу кезінде қалыңқы, тынысы беткей, жиілігі минутына 22 рет. Пульс 80 соққы/мин. Пальпация кезінде артқы қолтық асты сызығы бойымен

3-4-қабырға проекциясында өткір жергілікті ауырсыну анықталады, сонымен қатар ісіну және көгеру бар. Зерттеу әдістерін анықтаңыз.

Сұрақтар

Анатомия: Кеуденің беткей және терең бұлшықеттерін атаңыз.

Физиология: Суда еритін дәрумендер. Сүйекке әсері.

Гистология: Қаңқа бұлшықет тінінің микрофотосуретін сипаттаңыз.

Латын тілі: Кеуденің оң жақ бөлігі, жөтел, тыныс, кеуде бұлшықеттері терминдерінің латын нұсқасын беріңіз, талдау жасаңыз.

Билет №3

Жол-көлік оқиғасы салдарынан жәбірленуші бетінің бүйір аймағынан жарақат алған. Рентгенограммада төменгі жақ сүйегінің айдаршықтық өсіндісінің мойын бөлігінің ұсақталған сынығы көрінеді.

Сұрақтар

Анатомия: Самай-төменгі жақ (шықшыт) буынының құрылысы мен биомеханикасын сипаттаңыз.

Физиология: Са, К ионының мөлшері. Сүйекке әсері.

Гистология: Гиалинді шеміршек тінінің гистологиялық препаратын сипаттаңыз.

Латын тілі: Беттің бүйір аймағы, төменгі жақ тармағының айдаршықтық өсіндісі, шеміршек тіні терминдерінің латын нұсқасын беріңіз, талдау жасаңыз.

Билет №4

Жас жігіт иық буынындағы ауру сезіміне шағымданып травматолог дәрігердің қабылдауына келді. Қарап тексергенде: науқас қолын денесіне қысып ұстайды, иық буыны аймағында деформация анықталады. Анамнезінен науқас жаттығу кезінде иық буынына доппен тікелей соққы алғаны анықталды. Рентгендік тексеруден кейін иықтың шығуы диагнозы қойылды. Неліктен иық буынының

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Қазақ, орыс және латын тілдері кафедрасы		37/11 – ()
«Латын тілі» пәнінен бақылау-өлшеу құралдары		10 беттің 7-беті

басқа қол сүйектерінің буындарына қарағанда шығып кетуге бейімділігін анатомиялық тұрғыдан түсіндіріңіз.

Сұрақтар

Анатомия: Иық буынының құрылысы мен биомеханикасын сипаттаңыз

Физиология: Су – тұз алмасуы, реттелуі.

Гистология: “Остеон” гистопрепаратын сипаттаңыз.

Латын тілі: иық буыны, травматолог, диагноз, қол сүйектерінің буындары терминдерінің латын нұсқасын беріңіз, талдау жасаңыз.

Билет №5

Ер адам 23 жаста, палуан. Оң жақ шынтақ буынындағы қатты ауырсынуға, жалған патологиялық гиперэкстензияға(қалыптан тыс жазылу) шағымданады. Анамнезінен: қабылдауға келерден 20 минут алдын жаттығу кезінде жарақат алған, куәгерлердің айтуы бойынша оң жақ шынтақ буынының күштеп қалыптан тыс жазып алған. Қарап тексергенде: оң жақ шынтақ буынының аймағы пальпация кезінде қатты ауырады, иық буынын жазып көргенде 200 - 220 градусқа дейін қалыптан тыс жазылды (шынтақ буынында қалыпты жазылу 180 градус), сүйек сынықтарының крепитациясы (сықыр) анықталады. Дәрігер шынтақ буынындағы сыну екенін тұжырымдады.

Сұрақтар

Анатомия: Шынтақ буынының құрылысы мен биомеханикасын сипаттаңыз.

Физиология: Бұлшықеттің жиырылу түрлері.

Гистология: Саркомердің микрофотосуретін сипаттаңыз.

Латын тілі: Оң жақ шынтақ буыны, травма, аймақ, сыну терминдерінің латын нұсқасын беріңіз, талдау жасаңыз.

Билет №6

Учаскелік педиатрға 2,5 жасар баласы бар әйел баланың дамуының артта қалуына шағымданып келді. Бала тұрмайды, жүрмейді. Қарап тексергенде: бала белсенді, басын жоғары көтеріп, өз бетімен отырады. Қолдарынан ұстағанда, қадамдар жасауға және аяқтарының ұшымен тез-тез жүруге тырысады. Өздігінен тұра алмайды, жүрмейді, тек тірегіштен ұстап тұрады. Педиатр балада физикалық және қозғалыс дамуының артта қалуын анықтады. Омыртқа бағанасының иілімдерін атаңыз.

Сұрақтар

Анатомия: Омыртқа аралық буынның құрылысы мен биомеханикасын сипаттаңыз.

Физиология: Бұлшықеттің жиырылу механизмі.

Гистология: “Талшықты шеміршек» гистологиялық препаратын сипаттаңыз

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Қазақ, орыс және латын тілдері кафедрасы		37/11 – ()
«Латын тілі» пәнінен бақылау-өлшеу құралдары		10 беттің 8-беті

Латын тілі: Омыртқааралық буын, бала, педиатр, жұлын терминдерінің латын нұсқасын беріңіз, талдау жасаңыз.

Билет №7

Суықтан кейін науқаста зардап шеккен жағында келесі белгілермен бет жартысының ымдау (мимикалық) бұлшықеттерінің салдануы дамыды: маңдай қатпарларының тегістелуі, көз саңылауының кеңеюі, ұрттарының салбырауы, езудің төмен түсуі, еріндерін мықтап жаба алмайды.

Сұрақтар

Анатомия: Ымдау бұлшықеттерінің ерекшеліктерін сипаттаңыз. Ауыздың және көз айналасында орналасқан ымдау бұлшықеттерін атаңыз.

Физиология: Бұлшықеттің қажуы.

Гистология: “Қаңқалық бұлшықет талшықтары” сызбасын сипаттаңыз.

Латын тілі: Бет (мимикалық) бұлшықеттері, маңдай қатпарлары, көз саңылауы, ауыз, көз, ерін терминдерінің латын нұсқасын беріңіз, талдау жасаңыз.

Билет №8

Тізе буынының жарақатынан кейін науқаста сан сүйегінің айдаршығына қатысты сирақтың «алға-артқа» қозғалғыштығы дамыды. Бұл қандай анатомиялық құрылымдар тұтастықтың бұзылуын көрсетуі мүмкін?

Сұрақтар

Анатомия: Тізе буынының құрылысы мен биомеханикасын сипаттаңыз

Физиология: Бұлшықеттің күші.

Гистология: Остеобластты сипаттаңыз.

Латын тілі: Тізе буыны, сан сүйегінің айдаршығы, остеобласт, жарақат терминдерінің латын нұсқасын беріңіз, талдау жасаңыз.

Билет №9

38 жастағы науқаста оң жақта шап аймағында шап байламы проекциясынан жоғары, пальпациялағанда жұмсақ-эластикалық, аз ауырсынатын, көлемі 8×5×5 см сопақша пішінді ісік тәрізді түзіліс анықталады. Осы түзілістің медиальды жағында қалыңдаған ұрық шылбыры пальпацияланады. Шап өзегінің беткей сақинасының диаметрі 3 см-ге дейін кеңейген. Горизонтальды қалыпта жатқанда пайда болған түзіліс құрсақ қуысына қайта енеді. «Жөтел түрткісі» (кашлевой толчок) симптомы оң.

Сұрақтар

Анатомия: шап өзегінің қабырғаларын, сақиналарын және шап өзегінің құрамының жыныстық ерекшелігін атаңыз.

Физиология: Бұлшықеттің жұмысы.

Гистология: Остеокластты сипаттаңыз.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Қазақ, орыс және латын тілдері кафедрасы		37/11 – ()
«Латын тілі» пәнінен бақылау-өлшеу құралдары		10 беттің 9-беті

Латын тілі: Шап аймағы, шап байламы, остеокласт, сыртқы шап тесігі терминдерінің латын нұсқасын беріңіз, талдау жасаңыз.

Билет №10

Білегінде жарасы бар науқасқа қан кетуді уақытша тоқтату үшін иықтың ортаңғы үштен бір бөлігіне жгут қойылды. Бірнеше минуттан кейін жгуттың орнында ауырсыну пайда болды және күшейе бастады. Кейін науқасты жарақат бөліміне жеткізген кезде қолы салбырап қалғаны байқалады. Науқаста кәрі жілік нервісінің қысылуы және соның нәтижесінде бұлшықет қызметінің жоғалуы анықталды. Бұл жағдайда қолдың қай бұлшықеттерінің функциясының бұзылуы (салдануы) пайда болды?

Сұрақтар

Анатомия: Иықта кәрі жілік нерві өтетін каналдың (canalis humeromuscularis, canalis nervi radialis, canalis spiralis) қабырғаларын айтыңыз.

Физиология: Бұлшықеттің физиологиялық қасиеттері.

Гистология: Остеоцитті сипаттаңыз.

Латын тілі: Білек, иық, радиалды нерв, остеоцит терминдерінің латын нұсқасын беріңіз, талдау жасаңыз.

Билет №11

72 жастағы науқаста 10 сағат бұрын жөтел ұстамасы кезінде сол жақ шап аймағында қатты ауру сезімі пайда болды. Бұған дейін бірнеше ай бойы осы аймақтың ауырсынуы мазалаған, бірақ дәрігерге қаралмаған. Қарап тексергенде науқастың жағдайы орташа ауырлықта, іші орташа дәрежеде ісінген, іштің төменгі бөлігі, әсіресе сол жақта ауырсынады. Ішастардың тітіркену белгілері жоқ. Шап байламының астында диаметрі 4 см ауырсынумен жүретін, құрсақ қуысына қайта түспейтін түзіліс пальпацияланады, “жөтел түрткісі” (кашлевой толчок) анықталмайды. Қосымша зерттеу әдістерін анықтау.

Сұрақтар

Анатомия: Терең сан сақинасының қабырғаларын сипаттаңыз.

Физиология: Бұлшықеттің гипертрофиясы және атрофиясы

Гистология: Саркомердің микрофотосуретін сипаттаңыз.

Латын тілі: жөтел, шап аймағы, шап байламы, ішастары, іш терминдерінің латын нұсқасын беріңіз, талдау жасаңыз.

Билет №12

Криминалистикада дактилоскопия - саусақ ізін алу әдісі арқылы адамның жеке басына анықтайды. Саусақ терісінің құрылысын талдаңыз және саусақ терісінің қандай құрылымдық элементтері жеке папиллярлық үлгіні түзетінін түсіндіріңіз және ол адам онтогенезінің қай кезеңінде өтеді?

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Қазақ, орыс және латын тілдері кафедрасы		37/11 – ()
«Латын тілі» пәнінен бақылау-өлшеу құралдары		10 беттің 10-беті

Сұрақтар

Анатомия: Тері қандай құрылымдық компоненттерден тұрады?

Физиология: Бұлшықеттің жеке дара жиырылуы. Екінші реттік әсері.

Гистология: “Саусақтың терісі” гистопрепаратын сипаттаңыз.

Латын тілі: Саусақ, тері, адам, дактилоскопия терминдерінің латын нұсқасын беріңіз, талдау жасаңыз.

Билет №13

Науқас бас терісінің жекелеген бөліктерінің таздануымен шаштың түсуіне шағымданып клиникаға жүгінді.

Сұрақтар

Анатомия: Тері туындыларын атап, сипаттаңыз

Физиология: Біріңғай салалы бұлшықеттің физиологиялық қасиеттері.

Гистология: “Шашы бар тері” гистопрепаратын сипаттаңыз

Латын тілі: Науқас, шаш, бас терісі, шаштың түсуі терминдерінің латын нұсқасын беріңіз, талдау жасаңыз.

Билет №14

Науқас 45 жаста, тамақ ішкеннен кейінгі қыжылға, тамақтан кейінгі кеудедегі ауырлық пен қысымның пайда болуына, кеуде аймағындағы ауырсыну мен тыныс алудың қиындауына шағымдалып дәрігерге қаралды. Пальпация кезінде дәрігер іш көлемінің ұлғайғанын анықтады. Гастроэзофагоскопиядан өңештің төменгі бөлігі мен асқазанның кардиальды бөлігі диафрагма арқылы кеуде қуысына шығатыны анықталды. Биопсия материалын гистологиялық зерттеуі эпителий жасушаларының болуын көрсетті.

Сұрақтар

Анатомия: Диафрагманың құрылысын сипаттаңыз

Физиология: Терінің рецепторлық қызметтері және экскреторлық, қорғаныстық, термореттеуі.

Гистология: “Сіңір” гистопрепаратын сипаттаңыз.

Латын тілі: Кеуде, іш, гастроэзофагоскопия, өңеш, диафрагма терминдерінің латын нұсқасын беріңіз, талдау жасаңыз.